

"1998 жылғы 6 шілдедегі жер қойнауын пайдалануға арналған егеменді құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің табанын бөлу туралы келісімге Хаттаманы іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 маусымдағы № 637а қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 65 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "1998 жылғы 6 шілдедегі жер қойнауын пайдалануға арналған егеменді құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің табанын бөлу туралы келісімге Хаттаманы іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 маусымдағы № 637а қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан "Құрманғазы" ("Құлалы"), "Центральная" геологиялық құрылымдары мен "Хвалыньское" кен орнының көмірсутекті ресурстарын барлау және пайдалану жөніндегі уәкілетті ұйым болып тағайындалсын.";

1-1-тармақ алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан "Құрманғазы" ("Құлалы"), геологиялық құрылымын бірлесіп игеру жөніндегі уәкілетті ұйымның ауысқаны туралы Ресей тарапын хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев